



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 105 (8491) Сәрсенбі 2 қараша 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҚАРЖЫНЫ ТИІМДІ ИТЕРУ- ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
"Ауыл жаңалығы".

АТАЛМЫШ МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ӨТКІЗІЛГЕН МӘЖІЛІСІНДЕ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ. АУДАН БАСШЫСЫ МҰРАТХАН ШҮКЕЕВТІҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН МӘЖІЛІСТІҢ КҮН ТӨРТІБІНЕ ОН ЖЕТІ МӘСЕЛЕ ШЫҒАРЫЛДЫ.

Алдымен "Байзақ ауданының 2016 жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы" аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Дулат Жақыпбеков баяндама жасады. Дулат Бекбосынұлы ауданның өнеркәсіп кәсіпорындарымен есепті мерзім аралығында 1399,7 миллион теңгенің өнімі өндіріліп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 20 миллиард 367 миллион теңгені құрағанын жеткізді. Сонымен бірге, осы уақыт аралығында аудан аумағындағы шаруашылықтың барлық санаттарында 7438,2 тонна ет өндіріліп, мүйізді ірі қара 2,4 пайызға, қой 1,9 пайызға, ешкі 2,6 пайызға, шошқа 0,1 пайызға, жылқы 1,5 пайызға, түйе 6,4 пайызға, құс саны 3,8 пайызға өскенін алға тартты. Үстіміздегі жылы ауданда 6029 гектар күздік бидай, 7140 гектар жаздық арпа орылып, олардан 29380 тонна өнім жиналса, әр гектардан орташа түсім 22,3 центнерден айналған. Есепті мерзімде "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" бағдарламалары аясында 23 шаруа қожалығы несиеге қол жеткізген.

Баяндама барысында аудан аумағындағы жұқпалы індеттерге қарсы егу жұмыстары, диагностикалық тексерулер, эпизоотиялық профилактикалық іс-шаралар, бірдейлендіру жұмыстарының орындалуы, шағын және орта кәсіпкерлік, бөлшек және көтерме сауда айналымы, негізгі капиталға салынған инвестициялар, құрылыс, бюджет шығыстары, салық түсімі, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, спорт, білім беру, мәдениет салалары, қылмыспен күрес және оның алдын алу жөнінде атқарылған шаралар туралы жан-жақты мәліметтер берілді.

Баяндамашыдан кейін сөз алған аудан әкімдігі сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімінің басшысы Төлеген Бибосынов, аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Гүлнар Мамырбаевалар өз салаларына қатысты есеп берді.

Мәжіліс соңында күн тәртібіне шығарылған басқа да мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

25 ЖЫЛДЫҚКА - 25 ҚАЙЫРЫМДЫ ІС

ҚЫЗЫЛША АЛҚАБЫНДА ҚЫЗУ ТІРЛІК

М.МАНЕКЕЕВ,
"Ауыл жаңалығы".

Бүгінде ауыл шаруашылығы дақылдарының ішінен ең негізгісі бұл қант қызылшасы болып отырғаны белгілі. Қазір күз мезгілінің орта тұсы, берекелі қазан айы болғанымен шаруа қауым үшін қолайсыздық танытып отыр. Айдың алғашқы онкүндігінде әлегін салған алғашқы қардың соңы жауын-шашынға ұласып, диқандардың күзгі жиын-теріміне кедергі келтіруде. Дегенмен, өткен жұма-сені күндері аспанды торлаған сұр бұлттар ыдырап, күн көзі көрінісімен шаруалар қызу еңбекке араласып кетті.

Өткен сенбіде аудан әкімінің бастамасымен "Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, 25 қайырымды іс" шарасы аясында аудандағы бірқатар мекемелер мен бөлімдердің қызметкерлері қант қызылшасы алқаптарында кешке дейін тәтті түбірді жинауға тегін көмектесті. Аудан басшысы өзі бас болып, "Талап" шаруа қожалығының иелігіндегі қант қызылшасы танабында тәтті түбірді жинауға атсалысты.

Осындағы "Талап" шаруа қожалығының 110 гектар қызылшасы көз сүйсіндіреді. Біркелкі өсіп-өнген қызылша алқабы алыстан меймұндайды.

— Міне, еңбек. Қызылшалы алқаптың



ішіндегі озық көрінетін, үлгі тұтатын, тамшылатып суару технологиясымен егілген қызылшаның бірі осы дер едім. Тек күннің осы жылығанын тиімді пайдаланып қалуға тырысу керек, — деді аудан әкімі М.Шүкеев тоңирекке көз тастап.

Израил елінің тамшылатып суару технологиясымен егілген қызылша танабында біз барғанда сексенге жуық адам қызу еңбек көрігін қыздырған сәттің куәсі болдық. "МТЗ-952", "МТЗ-80" маркалы тракторлар дала төсін дүбірге бөлеген. Олардың бірі қызылша жапырақтарын қырып, енді бірі қызылшаны қопарып жүр. Келесі бір агрегат дайын өнімді жүк көліктеріне тиіп жатыр.

Қожалық басшысы Мауыт Фазулов тәтті түбірдің француздың "Авангард" тұқымынан себілгенін, бүгінгі күні қызылшаның он гектарға жуығы жиналғанын, ауайының осы жылылығын барынша тиімді пайдаланып қалу мақсатында бар күшті жұмылдырып жатқанын жеткізді. Осы мақсатта "Алға" автобазасымен келісім-

шарт жасалып, қосымша "КамАЗ" автокөліктері тартылған.

Егін алқабындағы қызылша жапырақтарын жауып жүрген Түймекент ауылдық округінің тұрғындары Алия Макашева мен Жанар Түгелбаеваларды әңгімеге тарттық. — Жұмыс тұрақты, күндік ақшамызды төлеп тұрады. Танерген шаруа қожалықтың арнайы берілген автокөлігімен келеміз, жұмыс уақыты азанғы сағат тоғыздан кешкі сағат алтыға дейін болады. Ерте көктемнен бері қант қызылшасы алқабында еңбек етіп келеміз, тәтті түбірді жекелейміз, жүйекаралық төселген су жүретін шлангаларды сыртқа шығарамыз, енді қызылша жапырақтарын шауып жүрміз" — дейді еңбеккерлер.

"Мемлекет тарапынан үлкен қолдаулар болып жатыр. Тек, ерінбей еңбек ете білсең болғаны. Олай дейтін себебім, осы алқаптарға тамшылатып суару технологиясымен егілген қызылшаның әр гектарына 90 мың, тоннасына 2250 теңгеден, қызылшаның әр келісіне 17 теңгеден төленеді. Бұдан бөлек, аммофос, селитра, МПК сынды минералды тыңайтқыштарды субсидиямен алсам, жуырда ғана арзандатылған бағамен 5 тонна жанар жағармай берілді. Сондай-ақ, техниканың 30 пайызы, тұқымның 75 пайызы субсидиямен берілуде. Бұдан артық біздей шаруаларға қандай көмек керек. Кеше Тараз қаласындағы қант зауытына 120 тонна өткізсек, бүгін кемінде 400 тоннаға жуық өткізбекпіз. Сондықтан, келер жылы тәтті түбірді екі жүз гектарға егуді жоспарлап отырмын — дейді Мауыт ағамыз бізге берген сұхбатында.

«ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ КЕПІЛІ»

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

ОҚУШЫЛАР АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ШҮКЕЕВПЕН КЕЗДЕСТІ

Жастарға деген сенімділік аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлының ауданның белсенді ұл-қыздарымен кездесуінде кенінен айтылды. Нақтылай түсек, Елбасының тапсырмасымен еліміздің барлық өңірлеріндегі бірінші басшылардың жастар алдындағы лекциясын өткізу қолға алынған-тұғын. Осы орайда жұма күні Түймекент елді мекенінде жаңадан бой көтерген №1 орта мектебінде акт залында аудан әкімінің жастармен кездесуі өтті. Тәу етер тәуелсіздіктің 25 жылдығына орайластырылған іс-шараны аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-і ұйымдастырды. Осы мекеменің директоры Бекжан Қадырбектің жүргізуінде өткен кездесуде сөз алған аудан әкімі М.Шүкеев:

— Ертеңгі елдің болашағы — жастар. Қайбір ел болмасын жас ұрпақтың болашағына — мемлекеттің болашағы ретінде қарайды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған бұл кездесу ерекше кездесу болады деп есептеймін. Ата-бабамыз жылдар бойы арман еткен егемендік тойы — қастерлі мереке. Былай қарап отырсаң 25 жыл деген үлкен уақыт емес, соған қарамастан Елбасы

Нұрсұлтан Әбішұлының сарабал саясатының арқасында дербес елімізді дамыған мемлекеттер мойындап отыр. Бір ғана Астана қаласының өзі не тұрады? Ару шаһарға бүгінде шет елден келген азаматтар тамсана қарайды. Жалпы жетекен жетістіктеріміз аз емес, оның

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» ДЕП КЕТКЕН
КЕШЕГІ АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ КЕЙІНГІ ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК, БАСТАМАШЫЛДЫҚ — ӨРКЕНДЕУІМІЗДІҢ, ӨСІМДІГІМІЗДІҢ КЕПІЛ БОЛАТЫНЫНА СЕНІММЕН ҚАРАЙДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ ДА ЕЛ ЖАСТАРЫНА «ЕРКІН ЕЛДЕ ӨСКЕН ҰРПАҚТЫҢ РУХЫ ӘРДАЙЫМ БІІК БОЛУЫ ТҮІС. ЖАСТАРЫ ЖАЛЫН ЖҮРЕКТІ, ӨРІШЛ НАМЫСТЫ, БІІК РУХТЫ БОЛСА — ОЛ ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ ДЕ БІІК БОЛАДЫ. ӨРІШЛ, НАМЫСШЫЛ, ЖАС — ОТАНШЫЛ, ПАТРИОТ КЕЛЕДІ, ХАЛҚЫНА, ӨЗ ҰЛТЫНА АДАП ЕҢБЕК ЕТУЕ ҰМТЫЛАДЫ» ДЕГЕНІ БАР ЕДІ. ДЕМЕК, КЕШЕГІ ӘРІ БҮГІНГІ АҒА БҮЙЫННЫҢ ЕРТЕҢГІ АРҚАСҮЙЕРІ ОЛ — ЖАСТАР.

барлығына үлкен еңбекпен қол жеткізіп отырмыз. Енді сол егемендігімізді қадірлей білейік, — деп, ел басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді, бүгінгі бейбіт өмір жайын әңгімеледі. Мызғымас бірлік, тәуелсіздікпен қатар қайта түлеген тіл, дін, ата-дәстүр — басты байлығымыз екенін, аудандағы айшықты шараларды ауызға алды. Ауылшаруашылығы, спорт, білім, денсаулық, мәдениет салаларындағы соны ілгерілеушіліктер, өңіріміздегі

мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы туралы сөз етті.

Мұнан кейін кездесуге келіп, қатысып отырған жастар қауымы аудан басшысына көкейлерінде жүрген көптеген сауалдарын жолдады.

Айталық, «Жастардың кәсіпкерлікпен айналысуын ынталандыру үшін қандай

«Ең алдымен дұрыс мамандық таңдай білейік. Дұрысы сол деп — экономист, зангер бола берудің қажеті жоқ. Техникалық мамандықтарға мейлінше көңіл бөлген абзал», «Қазіргі жастардың тәрбиесіне көңіліңіз толады ма?» сауалына М.Шүкеев «Бүгінгі жастар — білімді, еңбекқор, жанашыл

«Болашақ Қазақстанды қалай елестетісіз?» деген ойлы сауалдарын

төтесінен қойды. Енді бірі өңірімізде өндіріліп жатқан өнімдердің қайда жөнелтіліп жатқандығы жөнінде сұрап, тиісті жауабын алды. Кездесуде аудан басшысының жеке өміріне қатысты сауалдар да болды. Мысалға, жастар жағы өздерінің «Рио Олимпиадасын тамашаладыңыз ба? Қай спортпен айналысасыз?» немесе «Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін қай салада қызмет еттіңіз?» деген сауалдарын жолдап, аудан әкімінің еркін күреспен айналысқанын, агроном болып еңбек еткенін естіп, білді.

Жалпы аудан әкімінің бұл күнгі дәрісі — жастарға жақсы тәлім болды. Кездесу соңында Мұратхан Жүнісәліұлы оқушыларға өзінің игі тілегін жеткізді. «Біздің Байзақ ауданының жастары жігерлі ұл-қыздар болып өсіп келеді. Мен Сіздерге сеніммен қараймын. Алда қойған меже-міндеттерді бірге, бірлесіп атқарайық. Сонда ғана біз арман еткен «Мәңгілік Елге» қарай ұмтыламыз» деп сөзін тәмамдады аудан басшысы.

Ал, басшыға дән риза жас буын Мұратхан Шүкеевпен суретке түсіп, естелік сыйлық табыстады. Алдағы жұмыстарына сәттіліктер тіледі.

Жастардың аудан басшысымен кездесуіне «Облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының Байзақ ауданындағы күндері» аясында ауданымызға арнайы ат басын тіреген облыстық зерделеу тобының мүшелері мен тәжірибе алмасуға келген Тараз қаласы, Шу, Қордай, Сарысу аудандарының бір топ жастары қатысып, ерекше әсер алып қайтты.





инспекторлық бөлімінің бас инспекторы.

ҚАЗАҚСТАНДА ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті-отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды.

Қазіргі кезеңде ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде аудан көлемінде жұмыстар жүріп жатыр. Байзақ ауданының халқы бүгінде 98 мыңға жуықтады. Оның 52 пайызы әйелдер. Ауданда мемлекеттік қызметте 5 әйел басшылық қызметте болса, аудан әкімдігінің 13 бөлімдерінің 2 бөліміне (15,3 пайызын) әйелдер басқарады. 1 әйел ауылдық округтің әкімі. Аудандық мәслихаттың 15 депутатының 2-еуі әйел.

Байзақ ауданы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия өз жұмысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру туралы» және Жамбыл облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының іс-жоспарларын басшылыққа ала отырып, көптеген шараларды атқарды. Алдымен аудан, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия құрылып, оның құрамы аудандық мәслихаттың сессиясында бекітілді. Қолға алынатын, атқарылатын іс-шаралар нақтыланып, іс-шаралар жоспары жасалды.

Бүгінгі күнге дейін комиссияның 5 отырысы өткізілді. Онда “Жасөспірімдер арасында адамгершілік және жыныстық жағынан тәрбиелеу мен ерте жүктіліктің алдын алу шаралары”, “Отбасындағы және жұмыс орнындағы зорлықты жоюға ерлерге және балаларға қатысты зорлықтың алдын алу”, Елбасының “Қазақстан жана жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму” атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыруға әйелдердің қатысуы белсенділігі” және тағы басқа тақырыптарда мекеме басшыларының есептері тыңдалды. Сонымен қатар аудандық комиссияда ауылдық округ

ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТУДА



С. ИМАНОВА, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы.

әкімдері Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдіктің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясының іске асырылуы туралы есеп берді.

Жыл басынан аудандық ішкі істер бөліміне отбасындағы жанжалға байланысты 157 әйелден шағым түскен болатын. Шағымдар дер кезінде қаралып, тиісті шаралар қолданылды. Ал комиссияға 2 әйел ауызша өз шағымдарымен келіп, шағымдары қанағаттандырылды.

Өңірде кіші және шағын кәсіпкерліктің және шаруа қожалықтарының 30 пайызына әйелдер жетекшілік жасайды. “Даму” кәсіпкерлікті дамыту акционерлік қоғамы арқылы 2 кәсіпкер әйел несие алды. Ілкімді кәсіпкер Ф. Жүнісова Мырзатай ауылындағы құс фабрикасының жұмысын жандандыруға, ал кәсіпкер Л. Жабатаева тринажерный залды салумен айналысуда. Мұнымен қатар «Жұмыспен қамту-2020» жол картасы» бағдарламасы аясында 17 әйел несие алып, жұмыстарын бастауда.

Бүгінгі таңда Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы аудандық комиссиямен бірлесіп жұмыс атқарып келеді. Барлық ауылдық округтердегі кәсіпкер әйелдердің және жанадан өз кәсібін ашамын деген қыз-келіншектердің тізімі алынып, олармен жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ, аудан орталығы мен елді-мекендерге әйелдер қауымымен Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы басым бағыттарды түсіндіру, Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының қағидаларын насихаттауға бағытталған іс-шаралар тұрақты өтіп тұрады.

Жалпы тәуелсіздік жылдары еліміздің қол жеткізген жетістіктері аз емес. Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміздің толайым табыстарында әйелдер қауымының қосқан үлесі қомақты. Қазіргі таңда әйелдер қоғамымыздың барлық салаларында белсенділік танытуда.

Мәселен, Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында комиссияның ұйымдастыруымен аудан экономикасына үлес қосқан зейнеткер және ауданның Күрметті азаматтары, барлығы 15 әйелге құрмет көрсетілді. Аудандық комиссия, іскер әйелдер қауымдастығының мүшелері, кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері тарапынан 100 жасқа толған 3 кейуанаға, Ұлы Жетіс мерекесіне орай соғыс және еңбек ардагерлеріне, «Отбасылар бақ сынасты» атты атаналар балаларымен өткен спорттық сайыстың жеңімпаз отбасыларына сыйлықтар, «Біз бақытты баламыз» атты акцияда 1000 балаға балмұздақ табысталды. Сарыкемер ауылындағы орталық алаңда өткен «Балаларға қуаныш сыйлайық» атты акцияда комиссия мүшелерінің атынан 6 төмен отбасының балаларына спорттық киім және мектеп құралдары салынған сөмкелер табыс етілді. Сондай-ақ, 2015 жылдың қорытындысымен Гендерлік саясатты жүргізуде белсенділік көрсеткен комиссия мүшелері және басқа салада қызмет істейтін ауданның қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан 3 әйел комиссия төрағасының марапатына ие болды.

Уақыт талабына сай әйелдерді мемлекеттік және қоғамдық басқару ісіне белсене араластырып, олардың бизнес ашып, кәсіпкерлікпен шұғылдануына мүмкіндік туғызу арқылы жана кезеңдегі қазақстандық әйел бейнесін қалыптастырудың маңызы зор. Аудандық «Ауыл жаңалығы»-«Сельская новь» газетінде ай сайын ана мен баланы қорғау, отбасы құндылықтарын сақтау, демографиялық ахуалдың жай-жапсары, үрпақ тәрбиесі, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында арнайы мақалалар жарияланып тұрады.

Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатындағы билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталып шығарылған заң. Қазіргі кезеңде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр.

Еркін өмір, егемен тұрмыстың иелері-бүгінгі үрпақ, мына біз арғы бабаларымыздың аманаты ретінде аңсап жеткен тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстарда әйелдер қауымының қосқан үлесі ұшан-теңіз. Сондықтан да көп ұлттан құрылған, ынтымағы жарасқан ауданның қыз-келіншектері де еліміздің өсіп-өркендеуі жолында қызмет етіп, өз үлестерін қоса беретін болады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2007 25 2008

2007 жылы Елбасы Н. Назарбаев “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

• Астана қаласында ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, II Республикалық “Елім менің” патриоттық өндір байқауының лауреаты, жерлесіміз Есжан Әміровтың шығармашылық кеші өтті.

• Темірбек ауылында “Алты Алашқа танылған ақын еді” атты суырыпсалма айтыскер ақын Әзімбек Жанкүлиевті еске алуға арналған алғашқы аудандық айтыс өткізілді.

• Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне 15 жыл толды.

Қоғам қайраткері, қарымды қаламгер, Жамбыл облысының және Байзақ ауданының Құрметті азаматы, жерлесіміз Арғынбай Бекбосынның туылғанына 70 жыл толды.

• Жамбыл облысының және Байзақ ауданының Құрметті азаматы, ақын Жаксылық Сәтібеков-70-ке толды.

• Әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде III жер сату акциясының бюджетке 4 млн. 270 мың теңге түсті.

• Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттары депутаттарының сайлауы өтті.

• “Қазақстан-2030 стратегиясына” 10 жыл.

• Үшбұлақ теміржол бекетінде мешіт ашылды.

• Тәуелсіздіктің 16 жылдығына орай, аудан орталығынан халыққа қызмет көрсету орталығына іске қосылып, 7 бағыт бойынша жұмыс жасай бастады.

2008 жылы “Алаш-қозғалысына” 90 жыл-толды.

• Бұрыл ауылдық округіне қарасты Құмжота ауылында “Балауса” балалар бақпасы ашылды.

• Байзақ ауданының құрылғанына 70 жыл толуына орай салтанатты жиын өтті.

• Байзақ ауданының Құрметті азаматы Жапар Дидарбековтің “Өрени өскелең Байзақ өңірі” атты кітабы жарыққа шықты.

• Сарыкемер ауылы орталығынан “Әмір және Д” дәріханасы ашылды.

• Алматы қаласындағы “Қалқаман-2” шағын ауданының бұрынғы Ильич атындағы көшесіне “Байзақ батыр есімі” берілді.

• Астана қаласының 10 жылдық мерекесі кеңінен аталып өтілді.

• Сарыкемер ауылындағы іргетасы 1998 жылы қаланған, аумағы 11,45 гектарды алып жатқан дендросаябаққа “Астананың 10 жылдығы атындағы саябақ” атауы берілді.

• 31 шілде күні Кеңес Одағының Батыры, жерлесіміз Ақәділ Суханбаевтың ерлігіне 64 жыл толды.

• Талас ауылында “Имам Ағзам атындағы” мешіт бой көтерді.

• Қызыл жұлдыз ауылдық округінде кеспе өнімдерін шығаратын “Rola-7” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұсауын кесті.

• Тараз қаласындағы ҚР Тұңғыш Президенті саябағында Байзақ ауданының ұлттық мәдени орталықтары мен өнер ұжымдары өнер көрсетті.

• Мырзатай ауылдық округіне қарасты Дихан ауылында “Ақбота” балалар бақпасы ашылды.

• “Өлеңдерім-өрге ұшырған өрендерім” атты Байзақ ауданының Құрметті азаматы, ақын Қ.Шотбасовтың шығармашылық кеші өтті.

• Сарыкемер ауылының Тараз қаласына шыға берісіндегі Байзақ баба ескерткішінің маңынан Астанадағы 96 метрлік Бәйтеректің 8 есе кішірейтілген макеті бой көтерді.

• Көктал ауылында “Жамбыл құс” ЖШС-і жұмысын жаңаша бастады.

• Елбасының “100 мектеп, 100 аурухана” бағдарламасы аясында Жаңатұрмыс ауылында 120 оқушыға арналған мектеп құрылысы бастау алды.

• Жеке азаматтардың, кәсіпкерлер мен ілкімді азаматтардың деңгейімен аудан орталығындағы “Байзақ баба” мешіті жаңартылып, қайтадан ашылды.

• Жалғызтөбе ауылдық округіне қарасты Ақкия ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді.

ПОЛЕЗНЫЙ СЕМИНАР

На базе Агробизнес-института Таразского государственного университета, расположенного в нашем районе, состоялась областная обучающая трехдневная семинар на тему: «Овощные культуры закрытого грунта». Организатором семинара была Палата предпринимателей Жамбылской области.

В работе семинара приняли участие представители Палаты предпринимателей Байзакского района, лекторы и преподаватели Таразского государственного университета, руководители крестьянских хозяйств нашего района, города Тараз и районов области, занимающиеся тепличным бизнесом.

Р.ДЖАКИПБАЕВА,
“Ауыл жаңалығы”.

Семинар включал в себя теоретическую часть - лекционные занятия, разъясняющие общие принципы действия и порядок применения передовых технологий и методов, а также практическую часть - обучение практическим навыкам по применению инновационных технологий.


ДЛЯ ИНФОРМАЦИИ: Агробизнес-институт Таразского государственного университета - современная инновационная научно-производственная структура. Он был создан на территории Байзакского района в 2014 году. Его задача - развитие научного обеспечения отрасли овощеводства, то есть обеспечение интеграции науки и бизнеса. Это своего рода лаборатория - непосредственный активный участник инновационного процесса, занимающаяся производством сельскохозяйственной продукции в Жамбылском регионе.

Специалисты открывшегося Агробизнес-института Таразского государственного университета, расположенного в нашем районе, руководители крестьянских хозяйств нашего района, города Тараз и районов области, занимающиеся тепличным бизнесом.

изучают, насколько успешно адаптируются к местным условиям те или иные сорта овощей в закрытом грунте и дают соответствующие рекомендации для сельхозпроизводителей региона.

С этой целью, имеющаяся инфраструктура на постоянной и бесплатной основе проводит обучающие семинары для руководителей и специалистов крестьянских и фермерских хозяйств, занимающихся тепличным бизнесом, по вопросам адаптации и трансферта ресурсосберегающих и других инновационных технологий. К примеру, в текущем году с июля по октябрь месяца Палата предпринимателей Жамбылской области в рамках исполнения государственного задания Министерства сельского хозяйства РК по информационному обеспечению субъектов агропромышленного комплекса на безвозмездной основе провела 55 семинаров по 13 приоритетным направлениям Агропромышленного комплекса с охватом свыше 850 слушателей из числа руководителей и специалистов крестьянских хозяйств районов области.

На территории Агробизнес-института имеются сад и две теплицы по выращиванию овощей.



Делаются первые шаги в области животноводства - строится молочно-товарная ферма на 200 голов.

Для проведения семинара были привлечены как отечественные эксперты - преподаватели, лекторы Агробизнес-института, так и зарубежные. По приглашению Центра агрокомпетентностей Национальной Палаты предпринимателей РК «Атамекен», согласно направлению семинара, прибыл зарубежный эксперт из Израиля Гад Элхаррар.

С приветственным словом перед собравшимися выступил ректор Таразского государственного университета Е.Саурыков, который ознакомил участников семинара с базовым хозяйством, историей его создания, производственными планами, основной деятельностью и перспективами развития Агробизнес-института.

Далее слово было предоставлено зарубежному эксперту из Израиля Г.Элхаррару, который рассказал о развитии агропромышленного комплекса в своей стране, поделился израильским опытом выращивания овощей в теплицах - это направление в последнее время особенно актуально для нашей области. Выступил с лекцией на тему: «Современные ресурсо-и-водосберегающие технологии производства овощей в условиях закрытого грунта».

В рамках семинара в течение трех дней лекторами были

прочитаны лекции по технологии возделывания овощных культур в защищенном грунте, о средствах защиты растений от болезней и вредителей, инженерных системах внесения минеральных удобрений, о капельной системе полива и т.д.

Практическую часть занятия для хозяйственников провел агроном современного тепличного комплекса крестьянского хозяйства «Азамат» города Тараз Н.Копбосынов. Он делился опытом, обучал как самостоятельно применять полученные знания на практике.

Подводя итоги семинара, ректор ТИГУ Е. Саурыков сказал: «Наш институт находится на территории Байзакского района, который занимает одно из лидирующих мест по тепличному производству овощей. Здесь самое наибольшее количество теплиц. Наш институт является своеобразной диалоговой площадкой для обсуждения проблем тепличного производства, мы на бесплатной основе обучили 20 предпринимателей из Байзакского района. И это для нас взаимовыгодное сотрудничество».

В завершение семинара присутствующим были даны индивидуальные консультации по тепличному хозяйству, сообщено о том, что при Палате предпринимателей Жамбылской области создан колл- центр и сайт, тел.: 59-79-60 www.farmers.kz. 88000808010 - линия бесплатная, где можно получить любую интересующую информацию.



«ЭКСПО-2017» объявляет телеконкурс «Энергия будущего»

Казахстанцы сами определяют одного из участников «ЭКСПО-2017», который представит свою разработку в главном павильоне наравне с уже утвержденными новаторами, передает 24.kz.

Национальная компания «Астана ЭКСПО-2017» совместно с Министерством энергетики объявляет конкурс «Энергия будущего». Для участия в отборе изобретателям необходимо подать заявку в ближайшие 2 месяца. Главное условие - чтобы разработка соответствовала теме выставки. 50 проектов презентуют на телеканалах «Хабар» и «Хабар 24».

После этого казахстанцы смогут проголосовать за понравившуюся идею на сайте youexpo.kz.

Сергей Куянов, директор департамента по связям с общественностью АО «НК «Астана-ЭКСПО-2017»: «Форма регистрации, кстати говоря, очень простая. После того как мы её получаем, мы отправляем её экспертам, которых нам предоставило Министерство энергетики. Они не дают качественной оценки, они просто проверяют идею или разработку на патентную чистоту. То есть они говорят нам «да, такого в мире больше нет», и мы выставляем дальше работу на конкурс».

ПОРЯДОК УТВЕРЖДЕНИЯ ТАРИФОВ НА УСЛУГИ СУБЪЕКТОВ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ

Г. АСАБАЙ,
главный специалист ДКРЕМиЗК по
Жамбылской области.

Тарифы на услуги субъектов естественных монополий утверждаются в соответствии с Законом Республики Казахстан «О естественных монополиях и регулируемых рынках» (далее - Закон).

В соответствии с п.3 ст.18 Закона утверждение тарифов или их предельных уровней и тарифных смет на регулируемые услуги субъекта естественной монополии может производиться не чаще одного раза в двенадцать месяцев, за исключением утверждения тарифов (цен, ставок сборов) и тарифных смет в качестве чрезвычайной регулирующей меры и в упрощённом порядке.

В целях стимулирования вложения инвестиций, в 2014 году в Закон РК «О естественных монополиях и регулируемых рынках» внесены изменения, предусматривающие перевод субъектов естественных монополий на работу по предельным тарифам со сроком действия 5 и более лет. В рамках реализации данной нормы в Жамбылской области субъекты естественных монополий переведены на оказание услуг по предельным тарифам.

Утверждение тарифов на долгосрочный период обеспечит стабильность и предсказуемость тарифов, повышение качества услуг за счёт вложения инвестиций в модернизацию активов.

В то же время, закон предусматривает право субъекта естественной монополии в течение срока действия предельного уровня тарифа представить в уполномоченный орган заявку на утверждение тарифа в качестве чрезвычайной регулирующей меры (в случае увеличения стоимости стратегического товара).

Стратегические товары – уголь, газ, мазут, дизельное топливо, используемые в качестве топлива для производства тепловой энергии субъектами естественных монополий, электрическая энергия – для субъектов естественных монополий в сферах передачи и распределения электрической энергии,

водоснабжения и (или) водоотведения, тепловая энергия – для субъектов естественных монополий в сфере теплоснабжения и для нормативных потерь в сфере передачи и (или) распределения тепловой энергии, газ – для собственных нужд и потерь для субъектов естественных монополий в сфере транспортировки газа или газового конденсата по магистральным и (или) распределительным трубопроводам, покупная вода – для субъектов естественных монополий в сферах водоснабжения, производства тепловой энергии.

Из 44 субъектов, включённых в Местный раздел Государственного регистра субъектов естественной монополии по Жамбылской области, 16 субъектов подлежат предоставлению услуг по предельным уровням тарифов, остальные 28 субъектов – субъекты малой мощности.

Субъект естественной монополии малой мощности – субъект естественной монополии, осуществляющий реализацию услуг:

- по производству, передаче, распределению и (или) снабжению тепловой энергией от отопительных котельных с общей установленной мощностью до двадцати Гкал/час включительно;
- водоснабжения и (или) водоотведения объёмом до пятисот тысяч кубических метров в год;
- по подаче воды для орошения объёмом до тридцати миллионов кубических метров в год;
- в сфере подземных путей объёмом до пятидесяти тысяч вагон/км, вагон/час;
- по передаче и (или) распределению электрической энергии объёмом до двадцати пяти миллионов кВт/час в год.

К субъекту естественной монополии малой мощности также относится субъект естественной монополии по регулируемой услуге, доход от которой не превышает пяти процентов дохода от всех регулируемых услуг субъекта

естественной монополии за один календарный год. При этом по оставшимся регулируемым услугам субъект естественной монополии не относится к субъекту естественной монополии малой мощности.

На сегодняшний день на предельный уровень тарифов перешли 15 субъектов, заявка 1 субъекта находится на рассмотрении.

К деятельности субъектов естественных монополий малой мощности применяется упрощённый порядок государственного регулирования, утверждаемый уполномоченным органом.

При этом субъекты естественных монополий малой мощности вправе самостоятельно изменять тарифы на регулируемые услуги, тарифные сметы один раз в год на величину, не превышающую индекс потребительских цен по факту предшествующего календарного года.

В случае таких изменений тарифа, тарифной сметы субъект естественной монополии малой мощности обязан уведомлять уполномоченный орган с предоставлением информации, указывающей на причины изменения тарифа, тарифной сметы, не позднее пяти календарных дней со дня изменения тарифа, тарифной сметы.

При необходимости изменения тарифа на регулируемые услуги, тарифной сметы на величину, превышающую индекс потребительских цен, субъект естественной монополии малой мощности обращается в уполномоченный орган с заявкой для пересмотра тарифа, тарифной сметы в порядке, установленном уполномоченным органом.

Уполномоченный орган при утверждении тарифа или его предельного уровня применяет особый порядок формирования затрат, предусматривающий регулирование затрат, включаемых в тариф или

его предельный уровень; ограничение статей расходов субъекта естественной монополии в пределах технических и технологических норм расхода сырья, материалов, топлива, энергии, а также нормативных технических потерь; установление перечня расходов, не учитываемых при формировании тарифа или его предельного уровня; ограничение прибыли, включаемой в тариф или его предельный уровень и др.

В случаях принятия к рассмотрению заявок на изменение действующих тарифов (цен, ставок сборов) или их предельных уровней и тарифных смет на регулируемые услуги субъектов естественных монополий уполномоченный орган проводит экспертизу проектов тарифов или их предельных уровней и тарифных смет с привлечением независимых экспертов, государственных органов, потребителей и их общественных объединений (Экспертный Совет).

В целях обеспечения гласности, информированности, соблюдения баланса интересов потребителей и субъектов естественных монополий, прозрачности формирования тарифов или их предельных уровней и достоверности проводятся публичные слушания в соответствии с действующим законодательством.

При этом, в соответствии с законодательством уполномоченный орган на ежегодной основе проводит анализ отчётов субъектов естественных монополий об исполнении утверждённых тарифных смет и инвестиционных программ. И в случае неисполнения мероприятий инвестиционной программы или неисполнения статей затрат тарифной сметы уполномоченный орган принимает решение об утверждении временного компенсирующего тарифа для возмещения потребителям убытков, причинённых субъектом естественной монополии.

ТӨРІҢНЕН ҚАРТЫҢ КЕТПЕСІН

М. САДЫРҚҰЛОВ,
Темірбек ауылдық ардагерлер алқасының
торағасы.

Өткен айда Чапаев орта мектебінде Темірбек ауылдық округіне қарасты Тегістік, Сарыбарак және Шахан ауылының 35 ардагерлерімен жиын өткізілді. Онда округ әкімі А. Әміров елді мекен бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Атап айтқанда, Бостандық пен Шахан ауылының бұрылысынан Шахан ауылының ортасына дейінгі асфальт жол күрделі жөндеуден өткенін, Сарыбарак және Шахан ауылдарында 3-4 көшере тас төселгенін, сол сияқты үстіміздегі жылдың қазан айында Сарыбарак ауылының Қарсақбаев көшесі мен Тегістік ауылының Бошай би, Чапаев көшелерінің асфальт жөндеуден өтетінін сөз етті. Сонымен қатар 2017 жылға бөлінетін 1,9 миллион теңге М.Әуезов мектебіне жұмсалатыны жөнінде ұсынысын ортаға салып, ардагерлер тарапынан қолдау тапты.

Бұдан соң сөз алған Чапаев орта мектебінің директоры Е.Есімов және бір топ ардагерлер еліміздің мерейлі мерекесі-Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ігілікті істер атқару, ел бірлігін сақтау, жастарды отансүйіштікке тәрбиелеу секілді тірліктерді атқарудың маңызын сөз етті.

Жиыннан соң қариялар клуб меңгерушісі С.Адилов пен Чапаев орта мектебінің мұғалімі Ж.Саназарованың ұйымдастыруымен М.Әуезов және Чапаев орта мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары әзірлеген концерттік бағдарламаны тамашалады. Әсіресе М.Әуезов мектебінің мұғалімі А.Әбдіқұловтың қарттарға арнап шығарған әні көпшіліктің көңілінен шықты.

Жиында ардагерлер құрметіне жайылған кен дастархан басында оларға сый- сипаттар көрсетілді. Ардагерлер А. Байғұт, К. Акқұлиев, Қ. Берікбаевалар үш ауылда тұратын ардагерлер мен ақ жаулықты аналардың басын қосып, дәм татқызып, сый-сипат көрсеткендері үшін ауыл әкіміне, ардагерлер алқасына және демеушілік көрсеткен кәсіпкерлер Е.Шәріпбаев, Н. Аманбеков, С.Өткелбаев, К.Бәрібаева, З.Кемелбекова және М.Әуезов мектебінің директоры Б.Адиловтерге алғыстарын айтып, баталарын берді.

Шара соңында Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткіш тақтадағы 119 ардагерлердің рухтарына құран бағышталды.

Байзақ ауданы Сарыкемер ауылындағы Н.Киікбаев атындағы орта мектебінің бос тұрған директоры лауазымына конкурс жариялау туралы хабарландыру

Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі 117 үй, анықтама үшін телефоны: 7-90-51, факс: 2-18-67.

Сарыкемер ауылындағы Н.Киікбаев атындағы орта мектептің бос тұрған директоры лауазымына (1 бірлік) конкурс жариялайды.

Мектеменің атауы: Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің Н.Киікбаев атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекесі.

Орналасқан жері: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3.Абдикаримов көшесі №48. Пошталық индекс: 080 100. Телефон 8(726 37) 4-01-93.

Электрондық почтасы: baizak_kiikbaev.88@mail.ru

Мекеме қызметінің негізгі бағыты:

Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Бекітілген уәкесіндегі балалардың жалпыға міндетті оқуымен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығы лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүлкілік, баспаналық, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай отырып, оларға жағдай жасайды.

Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Оқушыларды қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника

қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауды жүргізеді. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің аясында жаза белгілейді.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушылармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымын танытады, қажетті есеп құжаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімнің болуы (педагогикалық немесе бейіні бойынша);
- 2) педагогикалық жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында немесе ұйымдарда басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бір жылдан кем болмауы;
- 3) бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы;
- 4) үш жылдан кем емес педагогикалық салада әкімшілік жұмыс тәжірибесінің болуы немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында немесе ұйымдарда басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы;
- 5) облыстық білім басқармасының кандидатура бойынша келісімінің болуы;
- 6) сотталмаған болуы тиіс.

Лауазымдық жалақысы		
Санаты	Лауазымдық жалақысы, қызмет атқарған жылдарына байланысты	
	мың теңгеден	мың теңгеге дейін
A-1-3	113394	130670

Кәсіби біліктілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының “Білім туралы”, “Қазақстан Республикасының “Тілдер туралы”, “Бала құқығы туралы”, Қазақстан Республикасының “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы”, Қазақстан Республикасының “Нормативтік құқықтық актілер туралы”, “Еңбек кодексін”, “Неке және отбасы туралы”, “Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы”, “Білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника

стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды; еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандық ережелері мен нормаларын; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №179 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін және интернаттық ұйымдардың құрылымына, күтіп-ұстауға және оқыту жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар; санитариялық ережесін және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді біліуі тексеріледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басшылығында (“Ауыл жаңалығы”, “Сельская новь”) жарияланған сәттен бастап 15 жұмыс күннен кешіктірмей Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі №117 үйде орналасқан аудан әкімдігінің білім бөліміне өткізілуі тиіс.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды ұсынады.

- 1) конкурстық комиссия торағасы атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жерін, байланыс телефондарын көрсетумен қоса өтініш; нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;
- 2) нотариалды куәландырылған білім туралы құжат көшірмесі;
- 3) нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 4) бұрынғы жұмыс орны кадр қызметі куәландырылған фотомен кадрды есепке алу жөніндегі жеке іс парақ;
- 5) бар жазалар мен көтермелеулерді көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездемесі;
- 6) нотариалды куәландырылған бар біліктілік санат немесе ғылыми дәрежесі туралы құжат көшірмесі;
- 7) медициналық куәландырудан өтуі туралы құжат;
- 8) сотты болмағандығы туралы анықтама ұсынуы қажет.

Аталған құжаттардың бірінін болмауы кандидатты конкурсқа қатыстырмауға негіз болуы мүмкін.

Конкурсқа қатысуға кандидат комиссия қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер, өзінің педагогикалық тәжірибесін қорытындылау, наградалары туралы қандайда болмасын деректі расталған ақпаратты ұсынуға құқылы.

Конкурстың өтетін күні: 2016 жыл, 30 қараша.

Конкурстың өтетін орыны: Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі №117 үй, аудан әкімдігінің білім бөлімі.

Электрондық пошта: baizak_raiono@mail.ru

Конкурсқа жіберілген үміткерлер конкурстық ереже талаптарына сай әңгімелесуден өтеді.

Осы бос лауазымдық орынға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.

Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің “Нұр ай” балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мекемесінің бос тұрған меңгерушісі лауазымына конкурс жариялау туралы хабарландыру

Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің “Нұр ай” балабақшасының меңгерушісі лауазымына (1 бірлік) конкурс жариялайды.

Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі 117 үй, анықтама үшін телефон: 7-90-51, факс: 2-18-67.

Мектепке дейінгі мекеменің атауы: Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің “Нұр ай” балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Орналасқан жері: 080104 Байзақ ауданы, Жетіс айылы, Жетіс көшесі №1 «А» үйі.

Мекеме қызметінің негізгі бағыты:

Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензияға, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру қызметін басқарады. Педагогикалық кеңеспен бірге белгіленген тәртіпте оқу жұмыс жоспарларын, негізгі (вариативтік, авторлық), мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, ішкі тәртіп ережелерін әзірледі және бекітуді ұйымдастырады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді; оқыту – тәрбиелеу процесінде тәрбиеленушілер мен ұйым қызметкерлерінің өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайлар жасайды.

Ұйымды басқару құрылымын анықтайды, қаржы, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді. Тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Педагогикалық қоғамдық ұйымның және әдістемелік бірлестіктің қызметіне көмек көрсетеді. Тәрбиеленушілерді тамақтандыруға және оларға медициналық қызмет көрсету, денсаулығын сақтау мен нығайтуға қажетті жағдайларды ұйымдастырады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымының мүліктері мен қаражатына белгіленген заңнамалық тәртіппен иелік етеді, жел сайын құрылтайшылардан түскен қаржы мен оның шығысы туралы есеп береді.

Оқу-материалдық базаны сақтау мен нығайтуды, есеп жүргізуді, санитарлық-гигиеналық тәртіптің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Жұртшылықпен, ұйымдармен, ата – аналармен (оларды алмастырушылармен) өзара байланысты жүзеге асырады. Педагог кадрларды және көмекші қызметшілерді іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасайды. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттаудан өткізеді.

Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдарда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымын танытады.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымының қызметі туралы қажетті есеп дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

жоғары педагогикалық білім, және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілінің 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Кәсіби біліктілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының “Білім туралы”, “Тілдер туралы”, “Бала құқықтары туралы”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы”, “Неке және отбасы туралы”, “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық -педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы”

Зандарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; экономика негіздері, қаржы – шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандық ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды, дәрігерге дейінгі медициналық көмектің негіздерін біліуі тексеріледі.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар осы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басшылығында (“Ауыл жаңалығы”, “Сельская новь”) жарияланған соң 15 күнтізбелік күн ішінде Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөліміне өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды ұсынады.

- 1) конкурстық комиссия торағасы (төрайымы) атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жерін, байланыс телефондарын көрсетумен қоса өтініш;
- 2) нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) нотариалды куәландырылған білім туралы құжат көшірмесі;
- 4) нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 5) бұрынғы жұмыс орны кадр қызметі куәландырылған фотомен кадрды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- 6) бар жазалар мен көтермелеулерді көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездемесі;
- 7) нотариалды куәландырылған бар біліктілік санат немесе ғылыми дәрежесі туралы құжат көшірмесі;
- 8) медициналық куәландырудан өтуі туралы құжат;
- 9) сотты болмағандығы туралы анықтама ұсынуы қажет.

Аталған құжаттардың бірінін болмауы кандидатты Конкурсқа қатыстырмауға негіз болуы мүмкін.

Лауазымдық жалақысы		
Санаты	Лауазымдық жалақысы, қызмет атқарған жылдарына байланысты	
	мың теңгеден	мың теңгеге дейін
A-1-3-1	107797	130670

Конкурсқа қатысуға кандидат комиссия қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер, өзінің педагогикалық тәжірибесін қорытындылау, наградалары туралы қандайда болмасын деректі расталған ақпаратты ұсынуға құқылы.

Конкурстың өтетін күні: 2016 жылғы 23 қараша.

Конкурстың өтетін орыны: Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі, Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі №117.

Электрондық пошта: baizak_raiono@mail.ru

Конкурсқа жіберілген үміткерлер конкурстық ереже талаптарына сай әңгімелесуден өтеді.

Осы бос лауазымдық орынға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ЖАСТАР-ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ. БИЫЛҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ ЖЫЛЫ, СОЛ ЖЫЛҒЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН СӘБИЛЕР БАҒЫ БАБАЛАРЫМЫЗ ҚАЙРАН, ЖИЫРМА БЕС, ҚАЙРАН ЖАСТЫҚ ДЕП КҮРСІНЕТІН, КҮРСІНЕ ОТЫРЫП, ЖІГЕРЛЕНЕТІН ЖАСҚА ЖЕТІП ОТЫР.

Өткен аптада Жаңатұрмыс орта мектебінде “Парасат” тәрбие орталығының ұйымдастыруымен “Тәуелсіз елім-туған жерім жүрегім” атты шара өтіп, оған тәуелсіздік құрдастары Еркебұлан Нұртаев пен Маржан Басығарева қатысты.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған шараны мектеп директоры С.Усербаев ашып, бүгінгі кештің қонақтары тәуелсіздіктің құрдастары-бүгінде 25 жасқа толып отырғанын, еліміздің дамуына олар да өзіндік үлес қосып отырғанын айтты. Патриоттық рухты көтеретін, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, тәуелсіздікті тұғырлы ету

ТӘУЕЛСІЗДІК- ҚҰНДЫЛЫҚ

“Бабалар ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасындағы сабақтастық болса ғана, Мәңгілік Ел боламыз” деген еді Елбасы “Қазақстан-2050” стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында.

Шындығында да “Мәңгілік Ел” идеясын іске асыру-бұл дегеніміз кешегі және бүгінгі буынның ерен істерін жалғастырудың жарқын жолы. М.Мәметова атындағы негізгі мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Аманқозиеваның басамасымен Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай “Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы” тақырыбында іс-шара жоспары жасалып, оған сәйкес 5-9 сынып оқушылары арасында ашық тәрбие сағаттарымен қатар сынып сағаттары өткізілді.

Мұнымен қатар “Тәуелсіздік-басты құндылық” атты дөңгелек үстел өтіп, оған қатысқан мұғалімдер мен оқушылар алдында А.Аманқозиева “Тәуелсіздікке 25 жыл” тақырыбында терең мағыналы баяндама жасады.



–оскелең ұрпақты жан-жақты етіп тәрбиелеуде бақшаның алатын орны айрықша.

Сазтөрек ауылдық округіне қарасты Абай ауылындағы “Айгөлек” балалар бақшасында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылып, ортаңғы топ тәрбиеленушілері арасында “Менің Отаным-Қазақстан” атты тақырыпта сурет салудан байқау өткізілді.

Қазақ елінің салт-дәстүріне, мәдениетіне, рәміздерге, Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілік сезімді бойларына сіңіріп, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуді және дарынды бүлдіршіндердің бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын оятуды мақсат еткен байқауды бақша меңгерушісі И. Абдикулова ашты. Ол еліміздің үкілеп отырған ұл-қызын алдымен отансүйгіштікке, одан кейін білімі мықты, білігі зор, ақыл-парасаты мол азамат ретінде тәрбиелеудің маңызына тоқталды. Жиналғандарды алда келе жатқан еліміздің мерейлі мерекесімен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді. Бүлдіршіндерге сәттілік тіледі.

Сайысқа түскен “Қарлығаш” ортаңғы топ тәрбиеленушілері “Туған елім-Қазақстан”, “Мәңгілік Ел”, “Тәуелсіз Қазақстан”, “Тәуелсіздікке-25 жыл”, “Менің Отаным-Қазақстан”, “Қазақ елі” тақырыптарында түрлі материалдардан, атап айтқанда, майлы бояу, акварель, тушь, түрлі-түсті каламдармен сурет салудан сынға түсті.

Нәтижесінде бірінші орынды Айару Саттар жеңіп алса, екінші орын Мұса Мейірланға лайық деп танылды. Үшінші орынды Кеңесбай Балауса мен Махамбет Адина өзара бөлісті.

Женімпаздар мен байқауға белсене қатысқан Рысбек Нұрәли, Токберген Ерасыл, Амантай Төлжан, Нұрмахан Нұрайым, Кеңесбай Аяна, Көпболсын Танжарық, Есеналы Әлімбек Мактау қағаздарымен марапатталды.

елін, қазақ халқын, Тәуелсіз Қазақстанды төрткүл әлемге танытқан ерен еңбегі мен тәуелсіздіктің тұғыры-бейбітшілік пен келісім екендігіне екпін салды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім Ә.Қуандықованың ұйымдастыруымен “Мақтанышым-Тәуелсіздік Қазақстан” тақырыбында



мәнерлеп оқудан байқау өтіп, 9-сынып оқушысы Сапарова Ұлпан, Ниязбай Маржан жүлделі орынға ие болды.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық белесіне арналған шаралар барысында “Жаса Қазақ

ауа тарту күші дұрыс болу үшін, жылыту құралдарын қолдану кезінде шиббер қоюға және мұржа басына бөгде заттарды қоюға болмайды, қатаң түрде тыйым салынады. Ал ауа тарту күші дұрыс болмаған жағдайда және оттегінің жетіспеушілігі жерінен көмірқышқыл (СО) газының пайда болуы, газдың толық жануына себепші болатыны белгілі. Көмірқышқыл газы түссіз, иіссіз ұлы зат, ауадан жеңіл болғандықтан, жәй көтеріледі және адам өзінің улануып жатқанын байқамауы мүмкін.

Тартуы нашар немесе мүлдем тартуы жоқ жылыту газ құралдарын пайдалануға тыйым салынады. Бөлме ішінде газдың иісі пайда болса, тез арада

газ құралдарының шумектерін жауып, терезелерді және желдеткіштерді қосып, бөлмені желдетіп, «104» телефонына қоңырау шалып, апаттық газ қызметін шақырыңыз.

Жылыту газ құралдарын қауіпсіз пайдалану мақсатында оларға дер кезінде техникалық қызмет жүргізілмеген болса, сондай-ақ, түтін және желдеткіш каналдарының күйі тексерілмеген болса жарылыс, өрт, көмір қышқыл газымен улану секілді орны толмас қайғылы оқиғаға алып келуі мүмкін.

Тұрғын үйлерді табиғи газбен қамтамасыз ету



Қажет



Кезеңді тексеруден өтуі тиіс.

Табиғи газды тұтынушылар жылыту маусымының алдында түтін және желдету каналдарының барлық түрлерін тазалап, тексерулері және газ құралдарына техникалық қызмет жасатулары тиіс.

ҚазТрансГаз Аймақ Жамбыл өндірістік филиалы

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТҮТІНУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Тұрмыстық газ тұтынушылары және коммуналды-тұрмыстық газ тұтынушылары Қазақстан Республикасының өнеркәсіп қауіпсіздігі Заңына сәйкес газ қондырғыларының техникалық және оның қауіпсіз пайдалану мақсатында, газ тасымалдаушы немесе аттестациядан өткен тәуелсіз мамандандырылған мекемелерімен шартқа отыруға міндетті.

Ескертеміз!

Үйді жылыту үшін, жылыту газ құралдарын пайдаланғанда, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек.



Газ құралдарын қосар алдында желдеткіш каналының және түтін құбырларының тартуының дұрыстығын тексеріңіздер. Мұржаның

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ
Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Б.ПӘРМЕСҰЛЫ

Кезекші **Р.ЖАҚЫПБАЕВА**

МЕНШІК ИЕСІ-
“Байзақ аудандық “Ауыл жаңалығы”-
“Сельская новь” газетінің редакциясы”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 “б” үй. Қалыбы ЖШС “Қаңатты қалам әлемі” баспаханасында жасалып, көбейтілді.
Тарапымыз 2610 дана. Тапсырыс №97
Газет аптасына екі рет, **сәрсенбі, сенбі** күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.
© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Жемқорлықпен күрес- жалпыхалықтық іс

Ш. АСАНОВА,
Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселе болып табылады. Жемқорлық-қоғам өмірінің бар саласына тамыр жайған індет. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі-онымен тұрақты күресу болып табылады. Біздің еліміз алғашқы болып ТМД елдері арасында 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңын әзірлеп, қабылдады.

Сыбайлас жемқорлықпен елімізде пәрменді күрес жүргізіліп келеді. Қоғам індетін түбірімен жою үшін қызметкерлердің құқықтық сауатсыздығын жойып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор деп білеміз. Қызметкерлер өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері шарт. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірінғай жалпы-мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлықпен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімінің нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Елбасымыз атап айтқандай, «сыбайлас жемқорлықпен күрес қылмыскерлерді жазалау жөніндегі табанды шаралар ғана емес, бұл-мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені» болып табылады. Сол себепті әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-357-11-105. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Қонаев көшесі №109 үйдің тұрғыны болған **Қабақбаев Сабит Боранбаевичтің** 2016 жылдың 7 қазаны күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 “а” үйде орналасқан нотариалдық кенес қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

Т-358-11-105. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Жақаш ауылы, Ушаев көшесі №15 үйдің тұрғыны болған **Кулболдиева Шайзадананың** 2016 жылдың 18 қыркүйегі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 “а” үйде орналасқан нотариалдық кенес қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

Т-359-11-105. Открылось наследство после смерти **Кулишевой Валентины Павловны**, умершей 6 октября 2016 года, на день смерти проживавшей по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, село Бурыл, ул. Конаева, д.100.

Наследникам в течение месяца, после публикации объявления, обращаться в нотариальную контору по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с. Сарыкемер, ул. Смаилова, 1 “а”, к нотариусу Г.Мудуаровой.

Т-360-11-105. Байзақ ауданы, Түймекент ауылы, Т.Каримбеков көшесі №9 мекен-жайда орналасқан жер телімі сатылады. 11х10 өлшемді үйдің дайын фундаменті бар. Газ, су, электр желісі келіп тұр. Бау-бақша арық суымен сугарылады.

Ұсыныстар қарастырылады. Тел.: 8 705 256 83 67, 8 707 201 88 22.

Т-361-11-105. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Сыздықбаев бұрылысы №9 үйдің тұрғыны болған **Жүніс Төреқұлдың** 2013 жылдың 8 сәуірі күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақбатыр көшесі №104 үйде орналасқан нотариалдық кенес қызметкері Г.Бисенбаеваға жолығулары керек.

+7 707 387 70 51

Деструктивті діни әрекеттерден жаппа шеккендерді ОНАЛТУ

РЕАБИЛИТАЦИЯ пострадавших от деструктивной религиозной деятельности

Консультация и помощь специалистов:

- Религиоведов,
- Психологов,
- Теологов,
- Юристов

114

Жамбыл облысы бойынша қайырт желі

8 (7262) 51-50-20

Мекен-жайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 “а” үй.

Директор: 2-28-60.
Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz
Эл.почта: auil@mail.ru